

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	“Бөбек лүпілі” жеке меншік балабақшасы				
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	“Балдырған”				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Бекишева М.А				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	20.02 - 24.02.2023 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "2-3 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "2-3 жасар баланың				

әңгімелесу, кеңес беру	физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сукқұйғышты ұстап, суару амалына үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау.
	"Дәрумендер" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелерін жетілдіру; ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру;	"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, қолдың таза болуын байқап жүруге үйрету,	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін	"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта	Саусақ жаттығуы. "Бүгін біз қаншамыз?" Мақсат-міндеттер. Балаларды жаттығу сөздерін және саусақтармен қимылдарды қайталауға

	жағымды эмоцияларды дамыту. Музыкалық сүйемелдеумен өткізіледі. Біз бақшаға барамыз, (Бір орында адымдау) Көкөністер жинаймыз, (Қолы екі жаққа созып, кең ашу) Бірінші қиярды жұламыз, (Еңкейіп қияр жұлған сыңай таныту) Дөп-дөңгелек қызанақ, (Екі қолды біріктіріп дөңгелек пішін жасау) Шалқан өте үлкен ақ, (Қолды белге қойып, кезек-кезек екі жаққа бұрылу) Сәбізім ұзын, Қызыл-сары түсін.	денсаулықты сақтау қағидаларын игеруге ынталандыру. Педагог суреттерді қолдана алады. Әли жеңіске жетпек, Тәртіпті емес, тентек. Жуылмаған қолында, Ай-ай-ай, майлы шелпек. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	қалыптастыру. <i>"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)</i> - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (көркем әдебиет, дене шынықтыру)	тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай, сылдырмақ туралы тапқакты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады. Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдық "тоқ-тақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук". Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту. Бүгін біз қаншамыз? (алақандарды ашып, көрсету) Санайық баршамыз. (саусақтарды жыбырлату) Санап-санап, саусақ басып, (саусақтарды кезегімен ішке қарай бұғу) Жинайық жұдырыққа қысып. (жұдырыққа қысу) Д. Ахметова (көркем әдебиет, дене шынықтыру)
--	--	--	---	--	---

	(Қолды жоғары көтеріп, отыру) Барлығын жинаймыз, Себетке саламыз. (Қол шапалақтау) (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)				
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1–1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1–2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру. қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 2–1 жерге отыру, допты жерге қою. 2–2 бастапқы қалыпқа келу. 2–3 жерге отыру, допты жерге қою. 2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет). 3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 3–1 еңкею, допты жерге қою. 3–2 бастапқы қалыпқа келу. 3– 3 еңкею, допты жерге қою. 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балалардың назарын үстел бетіне, ыдыс-аяққа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууға дағдыландыру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі				

	олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Алақай! Ботқа пісіпті! Дәмін көрсе, тәп-тәтті. Қанекей, қасықпен асаймыз, Ботқаны тауысамыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Балыққа ұқсап жүземіз, Марғауға ұқсап жүреміз, Құлыншақтай секіреміз, Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз. (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Қос аяқпен секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды қос аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру; қос аяқтап секіргенде аяқтарын бірдей қозғап, жеңіл секіре білу қабілеттерін,	Музыка "Домалайды доп". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға үйрету; әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топтық қарым-	Дене шынықтыру "Қоян қалай секіреді?" Мақсат-міндеттер. Балаларды қос аяқпен секіру іскерліктерін бекіту; жануарлардың жүрісін көрсету қабілеттерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысытау.	Дене шынықтыру "Көңілді құстар". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге жаттықтыру; жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, гимнастикалық орындықтан секіре	Сурет салудан ойын-жаттығу "Доп". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетін бақылап, қылқаламды бояуға малып, қағаздың бір жақ шетінен қарама-қарсы жаққа қарай шеңбер бойымен қылқаламды қағаз

	сылдырмақтармен жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; балалардың спортқа деген қызығушылықтарын ояту; қоян секілді секіріп, кедергілерден өтуге ынталандыру.	қатынасқа тәрбиелеу.		білуге үйрету; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен жүру қабілетін дамыту; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; гимнастикалық орындықтан секіруге үйретуде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.	бетінен үзбей жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізіп, домалақ доп салуға үйрету; допты қағаз ортасына үлкен дөңгелек етіп салуға дағдыландыру; доптың ортасына бірнеше түзу сызық салуға жаттықтыру; сызықтардың доп шеңберінен шығармау керек екенін ескерту; қылқалам ізін бақылап отыруға және сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға баулу; доптың қозғалу қасиеттері туралы түсінік беру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Шыршаны бақылау. (қоршаған	Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған	Адамдарды бақылау. Өтіп бара	Жолдың жүру бөлігін бақылау	Адамның жүру және секіру қимылдарын

	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: шыршаның ерекшелігі - инелері түспейтіні, қыс мезгілінде де жасыл болып тұратыны, оның батыл, суықтан қорықпайтыны жайлы түсініктерін дамыту. Шыршаға тандану сезімін ояту, табиғаттың сұлулығын түсіне білуге тәрбиелеу. Көркем сөз. Шырша, шырша, шыршамыз, Ұнатамыз баршамыз. Мереке қарсаңында, Төрімізде тұрсаңыз. Мәңгі жасыл көркемім, Өсе берші көркейіп. Неткен әсем, асылсың,	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аударту, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру. - Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар? Атаңдаршы? Балалар ағай, апай, бала деп атауы мүмкін. - Жарайсыңдар! - Ағайлар мен апайлар сияқты	жатқан адамдар қалай киінеді? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Балалардың назарын өтіп бара жатқан адамдардың қалай киінгеніне аудару. Олардың жазда қалай киінгенін естерінде сақтату. Ішік, пима, қолғаптар, Арада жоқ тоңғақтар. Баста қалың малақай, Біз тоңбаймыз, алақай. «Сырғанақ» жаттығуы Мақсат-міндеттер: балаларға мәтінді тыңдауға және	(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жолда жүру ережелері жайлы түсініктерін қалыптастыру. (ересектердің қолынан ұстап жүру, жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпау). Мөлшерлі жүріс - қимыл белсенділігін меңгеру – баяу – жылдам. Балалардың серуендегі шығарылған материалмен дербес әрекеті (құмда ойнау жиынтығы, доптар, көліктер). Балалардың қалаулары бойынша ойындар. Еңбек тапсырмасы: ауладағы қарды	бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. - Кел, балақай, қатарға, Біз шығамыз сапарға. Сап түзеп, алға жүріп, Көңілді шапалақ соғып. - Алақай! Алақай! - Балалар, біз қазір
--	---	---	--	---	--

	Жыл бойына жасылсың! (Д. Қ. Бұланбаева) Балаларға шыршада жапырақтардың орнына инелердің болған себебін түсіндіру; шырша инесі мен терек жапырағын көрсетіп, салыстыруға мүмкіндіктер жасау. Шырша маңында ойыншықтармен жасырынбақ ойнауды ұсыну. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге жиналып, бойымен мәтіндегі сөздерге сай қимылдауға бейімдеу; ұйымшылдық негіздерін салу.	үлкен болу үшін, біз өсуіміз керек. - Мен өсемін, Бойым өседі. Ойым өседі. Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін. Жаттығу екі рет өткізіледі. Педагог балаларға адамдардың марш адымын көрсетуді ұсынады. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойыны.	мазмұнға сәйкес қимылдар жасауға үйрету. Біз тебеміз сырғанақ, Таудан төмен сырғанап. Бір шанада екеуміз, құламайды екенбіз. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Балалардың белгілі бағытта белгі бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып	тазалау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. "Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.	қандай қимылдар жасадық? Педагог сұрақ қойған сайын қимыл үлгісін көрсетіп жатады. - Жарайсыңдар: бірінші рет біз жүрдік, екінші рет біз секірдік. - Біз бір аяқпен секірдік пе? - Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар! - Олай болса, жүріп те секірейікші. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге
--	---	--	---	---	--

	Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. "Шыршадан да биік болып өсейік" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бір орнында тұрып, биіктікке созылып секіру дағдыларын дамыту; балалардың вестибуляр аппаратын дамыту, күш-жигерін ұлғайту. Жаттығудың неғұрлым қызықты өтуі үшін, балаларға қолдарын жоғары созып секіруді ұсыну.	"Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру) Балалардың белгі бойынша жан-жаққа жүгіру және белгі бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап	сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. "Өткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, Айнала бер бізбенен.	Балапандар ұқсап балпандап жүруді көрсету. Күшіктің жүгіріп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру. Біз көңілді балапан үйректерміз, Балпаң, балпаң етіп жүреміз. Күшік келіп үрісе - Жан-жаққа жылдам жүгіреміз. Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, тандап алуға үйрету.	әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. (еңбек дағдылары) "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Өз орныңды тап"
--	---	--	--	--	--

		жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ- топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп, ай, жараймыз! Д. Ахметова "Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе- теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. "Шашылған			қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан- жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
--	--	---	--	--	---

		қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.			
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балалардың назарын үстел бетіне, ыдыс-аяққа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууға дағдыландыру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп				

	қою. Алақай! Ботқа пісіпті! Дәмін көрсе, тәп-тәтті. Қанекей, қасықпен асаймыз, Ботқаны тауысамыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. Көркем сөз оқу: "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті). (көркем әдебиет)
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық". Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді. "Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы. Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді. Кереуеттерінің жандарынан жүру. Алтын айдарлы әтеш, Адымдап келе жатыр. Балапандарын қуып, Қораға қамап жатыр. Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін. Шынықтыру іс-шаралары. Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау. Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру)
Бесін ас	"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты. Дастарқан басында тыныш, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың

	кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Жеті лақ" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Жеті лақ" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкердің сөздерін есте сақтау қабілетін дамыту; үй жануарлары мен жабайы аңдар тіршілігіндегі айырмашылықты байқай білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау	Құрастырудан ойын-жаттығу "Қонаққа орындықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды текше және кірпіштерден орындықтар құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде түсініктер бере отырып, оның қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; құрылыс жұмысының нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға дағдыландыру. Балалардың құрылыс	Музыкадан ойын-жаттығу "Доп, доп, домалақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға ынталандыру; есту қабілетін дамыту; әннің мағынасы мен сипатын қабылдап, эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" Балаларға сиырдың су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қуыршақ Дана және дәрігер". Мақсат-міндеттер. Балаларды дәрігер қызметімен және дәрігер құралдарының адамды емдеудегі ерекшеліктерімен ойын арқылы таныстыру; дәрігер мамандығының ерекшелігі туралы түсінік беру; дәрігер маманын сыртқы бейне ерекшелігінен танып, ажырата білуге үйрету. "Көлеңкеге не жасырдым?"	"Ешкінің әні" дамытушы ойыны. Балалардың "Жеті лақ" ертегісінің желісі жөніндегі түсініктерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға деген қызығушылықтарды ояту. Құралдар: "Жеті лақ" кейіпкерлерінің жеке кескіндері, ширма, үстел театрына қатысатын кейіпкерлерге тіреушелер. Педагог балаларға "Жеті лақ" ертегісі кейіпкерлерін көрсетеді. - Балалар, мына кейіпкерлерді

	қабілетін, есте сақтауын дамыту. "Жуыну әні" атты мультфильмін көру. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, музыка)	материалдарының қасиеттерін бақылау мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен эмоциялық қабылдауын дамыту.	еліктеуге қызықтыру. Балаларға сиырдың маскаларын кигізу, ойыншық ыдыстарды ұсыну. "Сиыр қалай ішеді?" - Қара мұның айласын, Байқап-байқап ішеді. Шаңырақ мүйіз дәу басын, Шайқап-шайқап ішеді. - Себебі не сондағы? - Сәл маңғаздау болғаны. С. Боранбаев (сөйлеуді дамыту)	дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды ширма артына жасырылған заттарды, олардың көлеңкелеріне қарап, танып, атауға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін, тілін дамыту. Құралдар: балалар күнделікті ойнап жүретін және көлеңкесінен танылатын заттар мен ойыншықтар, көлеңке театрының ширмасы. Педагог заттарды ширманың артынан оған мейлінше жақындатып көрсетеді. (көркем әдебиет)	таныдыңдар ма? Атайықшы. Жарайсыңдар. - Қазір барлығымыз Ешкінің әнін лақтарға қайта айтып берейікші. - Лақтарым менің, Шырақтарым менің, Сағындым лақтарымды, Тұяғымен қағам есікті. Ұзақ екен үйге жол, Жиналды сүт мол. Есікті аша қойыңдар, Тәтті сүтке тойыңдар. Орыс тілінен аударма. (көркем әдебиет)
Балалармен жеке	Тақпақты мәнерлеп	Қимыл жаттығуы.	Ермексаздан "қамыр	Қимылды жаттығу.	"Дәрумендер".

жұмыс	оқу, қимылды жаттығуы. "Мысығым" (ел аузынан). "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Нағима Арынова. (көркем әдебиет)	"Мен өсемін". - Мен өсемін, Бойым өседі. Ойым өседі. Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	илейік" дамытушы жаттығуы. (мүсіндеу)	"Пингвиндер ұқсап жүрейік". - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп, ай, жараймыз! Д. Ахметова (дене шынықтыру, көркем әдебиет)	Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту. (мүсіндеу)
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем				

	әдебиет)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Мақсат-міндеттер. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Үстел-үсті ойындар, саусақ моторикасын дамытатын ойындар ойнату. (сенсорика) Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "2-3 жасар баланың физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?".

Тексерген: Бекишева М.А.

